

Ш.Ш. Жалмаханов*, С.Ә. Рахымберлина, С.С. Түркенова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(e-mail: szhalmakhanov@bk.ru, sagila_a@mail.ru, saltanat_turkeno@mail.ru)*

Түркі жазба ескерткіштері мен тілдеріне ортақ лексиканың көп мағыналылығы

Мақалада түркі жазба ескерткіштері мен тілдеріне ортақ лексикадағы көп мағыналылық құбылысы лексикалық-семантикалық, лексикалық-грамматикалық және лексикалық-тақырыптық топтарға жататын тілдік мәліметтер негізінде талданған. Көп мағыналылық семантикалық категория болғандықтан, оның зерттелу тарихының, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы семантикалық деривация деп аталады. Түйіндей келгенде, көп мағыналы лексика барлық түркі тілдеріне, бірнеше түркі тіліне және бір тілге ғана тән болатынына көз жеткізілген. Көп мағыналылықтың басты себебі түркілердің бірнеше зат пен құбылысқа бір, ортақ атау беруімен байланысты.

Кілт сөздер: түркі тілдеріндегі көп мағыналылық, лексикалық-семантикалық жүйе, семантикалық деривация, ортақ нысанды өзінше тану.

Кіріспе

Көне, ерте және орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің қазіргі түркі тілдерінің барлығына қатысты екендігі белгілі. Олардың барлығын ортақтастырып тұрған тектес, төркіндес, туыс екенін айғақтайтын басты тілдік факті — «түркі» деп аталатын тілдердің сөздік қоры, яғни тілдер туыстығының басты белгісі — сөздер ортақтығы.

«Тіл тарихын жете білу үшін фонетикалық сәйкестікпен бірге сөздердің семантикалық жақтан өзгеру, даму заңдылықтарын да есепке алу қажет. Лингвистикалық зерттеулерде фонетикалық заңдар мен семантикалық заңдарды ұштастыра білу — тіл тарихын, оның даму жолдарын танып-білудің кілті» [1: 332]. Немесе салыстырылатын сөздердің бір жағынан мағыналары ескерілсе, екінші жағынан дыбыстар заңы ескерілуі керек.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Тіліміздегі көптеген лексикалық бірліктер этимологиялық талдауды және мағыналарын түсіндіруді қажет етеді. Этимология теориялық негіздеуді, талдаудың әдістемелік жетілуін талап етеді. Лексикамыздың семантикалық деривациясын этимологиялық талдаудың *мақсат-міндеттеріне* сәйкес реконструкциялаудың барлық әдіс-тәсілдері мен элементтері қолданыла бермеуі мүмкін. Соған байланысты дестимологизацияланған сөздердің бірінің бастапқы мағынасын, екінші бір сөздің басқа мағыналарын айқындау керек болады. Үшінші бір сөздердің лексикалық немесе фразеологиялық тіркес, мақал-мәтелдер құрамындағы қазір дестимологизацияланған сөздерді анықтау қажет болады. Көне, орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің деректері: 1) сөздердің фонетикалық модификация, гомогенді морфологиялық синонимдер және грамматикалық коррелятивтер жиынтығын, 2) оның фоно-морфо-семантикалық өрісін тану арқылы ғана анықталады. Мұндағы лексикалық негіздің фоно-морфо-семантикалық өріс — фонетикалық, морфемалық модификациялардың, негізгі және көне мағыналардың этимологиясы — қарастырылып отырған лексикалық негізден туындаған сөздердің жиынтығы [2: 3]. Түркі тілдері лексикасының түбір сөздерінде бастапқы, негізгі мағыналардың, ал туынды сөздерде негізгі, бастапқы мағыналардың белгілері сақталады. Сондықтан түбірдің бастапқы мағыналарын айқындауда туынды негіздерді, түбір немесе оның бастапқы мағынасы қолданудан шығып қалған жағдайда түбір мен оның бастапқы мағынасын туынды негіздердегі кейінгі мағыналар арқылы да қайта қалпына келтіруге болады.

Лексикалық семантиканың деривациясын тарихи тұрғыда зерттемей тарихи процесс нәтижесі болып табылатын түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгерулерінің себеп-салдарларын,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: szhalmakhanov@bk.ru

зандылықтары мен ережелерін, жолдары, типтері мен түрлерін айқындап, құрамы, құрылымы және жүйесін белгілеу мүмкін емес. Лексиканың семантикалық деривациясы тілдік процесс ретінде тарихи дәуірлері (V–XIV ғғ.), тілдік фактілері (түркі жазба ескерткіштері және қазіргі түркі тілдері) салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы аспектілерде зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да ізденісіміздің материалдары — түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері үшін семантикалық деривацияның теориялық негіз болуы түркология үшін өзектілігі арта түседі.

Түркі лексикасының семантикалық деривациясын орыс лексикологы Ф.П. Филин ескерткендей, толық зерттеу, зерттеп тастау мүмкін емес, себебі: а) ең қажетті, жиі қолданылды деген сөздің өзі жазба ескерткіштерге түспеуі мүмкін, ә) сөздіктер мен картотекаларда барлық сөздер жиналған жоқ, б) көптеген сөздер деэтимологизацияға ұшырап кеткен [3: 5]; в) тарихи фонетикада тіл дыбысы, тарихи грамматикада морфологиялық формалар мен синтаксистік конструкциялау санаулы да, тілдегі сөз көп. Оның үстіне сөздік құрамға бір-біріне қарама-қайшы көлемділік, өзгергіштік, сақталғыштық және тұрақтылық деген 4 қасиет тән [3: 3–4]. Сондықтан да А.М.Щербак «Совершенно особое и относительно самостоятельное направление этимологических исследований — *семантические реконструкции* (ерекшеленген біз — Ш.Ж.), не имеющие до сих пор солидной теоретической основы и производимые без тщательно разработанной методики» [4: 8] деген талап қояды. Үндіевропа лингвистикасының өзінде тілдердің материалдық-формалық бірліктері ғана модельденіп реконструкцияланғанмен, олардың идеялық-мазмұндық жағы модельденіп реконструкцияланбаған іс.

Жұмыс мақсаты теориялық, әдістемелік және практикалық мақсаттардан құралады.

а) Теориялық мақсаттары: 1) түркі тілдеріне ортақ лексиканың семантикалық деривациясына анықтама беру; 2) сөздің тарихи-семантикалық құрылымын реконструкциялау; 3) семантикалық деривация мен мазмұндық реконструкцияны компаративистика мен этимологияда қолданудың теориялық, практикалық маңызын ашу; 4) түркі жазба ескерткіштеріндегі лексиканың мағыналық өзгеру тенденцияларын айқындау; 5) тарихи полисемияның дәйектемелік сипатын, лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарын, яғни лексикалық-семантикалық жүйесін және мағына түрлері мен олардың байланысу тәсілдерін анықтау; б) полисемия жүйе және құрылым болғандықтан, бөлшектен бүгінге қарай, яғни сөздің жеке түркі тілдеріндегі жеке мағыналарынан жалпы түркілік полисемияға; құрылым ретінде бүтіннен бөлшекке қарай, яғни жалпы түркілік полисемиядан жеке түркі тілдеріндегі жеке мағыналарға талдау. У. Вейнрейхтің: «Практика семантических исследований обнаруживает бесплодность рассуждений по поводу изолированных фактов; для прогресса в области теоретической семантики необходимо изучение систем взаимосвязанных единиц» [5: 165] дегеніндей түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің қазіргі қазақ тілімен ортақ лексикасының семантикасын жүйелі түрде зерттеу арқылы ғана өзара мағыналық байланыстағы сөздерге ортақ семантикалық теория жасауға болады. Сол арқылы қазақ лексикасының тарихи-семантикалық деривациясының, мағына этимологиясының негізгі теориялық ережелері негізделеді. Түркі жазба ескерткіштері мен олардың түркі тілдерімен байланысына арналған зерттеулерде тарихи лексиканың тағдырын қарастырса, біз сол түркі лексикасының тарихи семантикасының деривациясын зерттеуді нысана етеміз.

ә) Әдістемелік мақсаттары. Мағынасы өзгерген сөздердің бастапқы және кейінгі мағыналарының ара қатысын, айырмашылықтарын және байланыстарын айқындау қажет. Айқындау үшін дыбыстық өзгеріске түскен және түспеген сөздерді қазіргі түркі тілдеріндегі, түркі жазба ескерткіштеріндегі түбірлес (формалас) және мағыналас (мазмұндас) сөздермен салыстыру керек. Салыстырылатын сөздер сөздің семантикалық структурасы а) түбір мағынасының жалпылығы, ә) семантикалық элементтердің жалпылығы, б) ассоциативтік белгілерінің жалпылығы деген 3 типі [6: 233] арқылы анықталады. Салыстыру үшін бастапқы мағынадағы сөздердің денотаттық (заттық), сигнификаттық (мазмұндық) белгілерін, яғни архисемаларын (бастапқы, негізгі белгілерін) анықтап, осы архисемалардың қайсысы кейінгі мағынадағы сөздер үшін мазмұндық, формалық байланыстырушы белгі (интегралсема), қайсысы айырушы, саралаушы белгі (дифференсема) екендігін айқындап, бастапқы және кейінгі мағыналардағы сөздердің түбірлес (омоним) қана емес, төркіндес, тектес (гомогенді, генетикалық байланыста) екендігі дәлелденеді. Ол үшін интегралды, лингвостатистикалық, сипаттама, салғастырмалы, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи және құрылымдық әдістер қолданылады.

б) Практикалық мақсаттары: а) түркі жазба ескерткіштерінде сақталған түркі лексикасының санын анықтау; ә) осы түрлі тарихи кезеңдер мен дәуірлердегі өзгерістердің сөздің лексикалық семантикасына әсер етуінің сапасын айқындау; б) оларды хронологиялық тәртіппен тізбелеп,

сөздерді «инвентаризация» жасау; в) нәтижесінде түркі лексикасының тарихи-салыстырмалы семантикалық сөздігінің үлгі-жобасын жасау.

Тілдік материалдарды талдау, жүйелеу–зерттеу кезінде анықталатын құбылыстар болады. Оның заңдылықтарын түсіндіруде қиындықтар кездеседі. Оның 3 себебі бар. Олар: 1) ізденіс фактілерінің жеткіліксіздігі; 2) ізденістің әдіс-тәсілдерінің жетілмегендігі; 3) тілдік фактінің құбылыс ретінде қалыптаспағандығы.

Тілдік материалдарды талдау барысында тілдік құбылысты теорияға бағындыру немесе тілдік құбылыстан теория жасау да қолданылады.

Көне және орта ғасырлардағы түркі тілдерінің фонетикалық, грамматикалық бастапқы күйін қалпына келтіре алмайтынымыз секілді, ол ескерткіштер тіліндегі түркі лексикасының семантикалық күйін де түгелдей реконструкциялау мүмкін емес. Дегенмен де олардың заңдылықтарын, жүйесін айқындау міндет. Онсыз лексиканың семантикалық тарихы болмайды. Ал тарихсыз құбылыс болмайды.

Түркі лексикасының семантикалық деривациясын зерттеу лексиканың семантикалық өзгеруінің негізгі тенденцияларын анықтау, түркі жазба ескерткіштерінің қазіргі қазақ және қазіргі түркі тілдерімен генетикалық байланыстарын белгілеу қажет. В.Г. Кондратьевтің сөзімен айтқанда: «При сопоставлении различных тюркских языков необходимо учитывать их наиболее существенные отличительные особенности в совокупности. При установлении генетических связей между тюркскими языками следует принимать во внимание только те общие черты, которые сближают сопоставляемые языки и в то же время отличают их от других тюркских языков» [7: 5]. Сөздердің... ішкі мағыналық жағын пайымдау үшін, сөздің семантикалық құрылымын толық зерттеу қажет.

Лексикалық қорды салыстырмалы-тарихи аспектіде зерттеу үшін: а) көне сөздік қордан белгілі бір сөздер тобын бөліп алып; ә) сөздердің даму, өзгеру заңдылықтарын айқындап; б) олардың семантикалық процесін жеке тіл немесе жеке тіл топтарының материалында зерттеу керек. Бұл салыстырмалы-тарихи лексикологияның негізін құрайды. Себебі тілдің сол кезеңдегі мәліметтері ғана емес, оның өткен кезеңдердегі жағдайының көрінісі. «... Надо привлекать любые источники, и чем больше их, тем шире удастся охватить лексический материал» [4: 8]. «Чем больше углубиться в прошлое, чем больше собрать исторического материала, тем больше шансов для удачного толкования исследуемого слова» [8: 56]. Бұл сөздер бұдан былай: «түркі жазба ескерткіштеріндегі қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексика» деген шартты атаумен топтастырылады. «Түркі жазба ескерткіштеріндегі қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексика» деген атаудың шартты болуының себебі — түркі жазба ескерткіштерінің лексикасы 1) барлық түркі тілдеріне ортақ, 2) бірнеше түркі тіліне ортақ, 3) кейбір түркі тілдеріне ортақ, 4) бір ғана тіліне тиесілі болып келетіндігі. Жалпы, Л. Блумфильдтің тілді, М.М. Покровскийдің сөз мағынасын зерттеуді фонология мен формадан және фонетикадан бастау керек деген түйіндері [9: 164] үнемі қолайлы, тиімді, дұрыс бола бермейді. Себебі, біріншіден, сөз дыбыстардан құралғанмен, сөз мағынасы дыбыстардан құралмайды, екіншіден, тіл білімі тіл дыбыстарын зерттеуден басталғанмен, тіл сөзден басталады, үшіншіден, лингвистиканың лексикология саласы мен оның семасиология тармағы сөзді зерттейді. Біз «түркі лексикасы» деп отырған сөздер жоғарыдағы 4 топтың құрамында да болуы мүмкін.

Тарихи лексикология мен тарихи семасиология бір-бірінен ажырамас бірліктегі, тығыз байланысты сала-тармақтар болғанымен, олардың өзіндік зерттеу нысандары бар. Бұл сала-тармақтардың бір-біріне бағынышты байланыста болуының басты себебі — сөздің (лексеманың) мағынасыз, мағынаның (семеманың) сөзден тыс болмайтындығында, сөзбен таңбаланатындығында. Демек сөзсіз мағына, мағынасыз сөз болмайды. Олар табиғи бірлікте. Ал тарихи семасиология мен тарихи лексикологияның бір-бірінен ара қатынасының ажырайтын тұсы тарихи дәуірлер мен кезеңдер, түрлі тарихи процестер нәтижесінде сөз мағынасынан, мағына сөзден ажырайды. Сөздің білдіретін мағынасы, мағынаны таңбалайтын сөз өзгереді. Мағынаны таңбалайтын сөздің тарихи процестер нәтижесінде өзгеруін тарихи лексикология, сөздің білдіретін мағынасының тарихи процестер нәтижесінде өзгеруін тарихи семасиология зерттейді. Сөз тарихи лексикологияға, мағына тарихи семасиологияға қатысты.

Сөздің білдіретін мағынасының өзгеруінің басты себебі — экстралингвистикалық факторлар. Сөздің көп мағыналы болуы, оның өзгеруі мен дамуы — ұзақ және қайшылықты процесс. Сөз мағыналарының өзгеруі және зат атаулары мен заттың қасиеттері, қызметтерінің өзгеруі тепе-тең құбылыстар емес, тепе-тең болуы мүмкін де емес. Себебі сөз өзгеруі мен зат өзгеруі бірдей емес. Бұл өзгерістер құрылым құрамындағы мағыналар арасындағы байланыстардың күшеюіне немесе

әлсіреуіне әкеп соғады. Сондықтан белгілі бір дәуірлерде қалыптасқан мағыналар арасындағы байланыстар қалпы бұзылады. Көп мағыналы сөз құрылымының логикалық-семантикалық негіздері өзгереді. Осыдан келіп сөз бен мағына бірлігінің гносеологиялық, семиотикалық және семантикалық аспектілерін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Академик Ә.Т. Қайдаровтың «Тюркская этимология: проблемы и задачи» атты баяндамасында [10: 5–25] этимологиялық реконструкцияны зерттеудің барлық жағдайына арналған универсалды ғылыми-теориялық талдау әдістері мен критерийлерінің болмайтындығын ескерте келіп, этимологияның фонетикалық, морфологиялық критерийлерімен қатар, семантикалық критерийлерді де белгілейді. Олар: 1) лексикалық бірліктің бастапқы және кейінгі мағыналарының қайсысы бастапқы мағынасы екенін тап басып тану; 2) сөз мағынасы дамуының жалпыдан жекеге, бүтіннен бөлшекке немесе керісінше болатынын ескеру; 3) сөз тұлғасының дыбыстық өзгеріске түсуі, оның мағынасының өзгеретінін немесе сараланатынын естен шығармау; 4) гомогенді және гетерогенді омонимдерді шатастырмау; 5) сөз мағынасының өзгеруінде тілдік қана емес, тілдік емес факторлардың болатынын бағамдау; 6) кейбір сөздердің мағынасын салыстыруда қазіргі ғана емес, олардың тарихи түбірлес екенінде (сағақ, сақал, сағанак, сағалдырық, саға, сағана, сағалау, сағлақ) ұмытпаудың қажеттілігі. Түркі тілдерін семантикалық критерийлермен этимологиялық реконструкциялаудың фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық реконструкциялаудан кенже қалып келе жатқандығын: 1) бұл объектінің табиғатынан, яғни элементтері мен бірліктері жүйесінің көптігі мен кеңдігінен; 2) семантикамен шұғылдану тіл білімінде марлық дәуірден кейін әуестенушілік болып саналуы; 3) тілдік таңбаның мазмұндық жағын жалпы жете бағаламаудан деп түсіндіреді.

Этимондардың этимологиясын зерттеу сөз семантикасы, семантикалық деривация, деривациялық процесс және реконструкция түрлері, семантикалық реконструкция және сөз этимологиясының негізі — компаративистика деген 5 тағаннан тұрады. Этимологиялық талдау жасалатын сөз фонемалық, морфемалық, лексемалық және синтагмалық деңгейлерде, яғни кешенді түрде талданады. Осы аспектілерде талдану барысында сөздер жоғарыда атап өткен 5 тағанның ретроспективалық конструкциясынан өтеді.

Сөз форма мен мағынаның бірлігі, сондықтан фонема, морфема форма ретінде реконструкцияланса, семема (мағына) лексеманың мазмұндық жағы да тілде реконструкциялануы керек. «...Исследования по исторической семантике играют в этом вопросе решающую диагностическую роль, ... и лишь история значения, реконструкция древнего значения слова учит нас считаться с эволюцией значения как единого целого, а не как суммы сем или дифференциальных признаков» [11: 7]

Этимологиялық зерттеудің материалы — алыс және жақын туыстықтағы тілдердің көне және қазіргі тілдік деректер, себебі тарихи немесе қазіргі тұрғыда салыстыруға болатын құбылыстар ғана салыстырылады. О. Сүлейменовтің толық этимологиясының схемасы: «а) воссоздание точной системы лексических соответствий; б) определение морфологического типа слова, которому бы соответствовала восстановленная праформа; в) реконструкция первоиероглифа — графического образного знака, название которого и стало словом» деп көрсетуі [12: 23] түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексиканың семантикалық деривациясын тексеруге де қатысты.

Этимология негізінен тарихи лексикологияның тармағы, өйткені сөздің төркіні мен тарихынсыз этимология немесе этимологиясыз сөздің тарихы мен төркінін айқындау мүмкін емес. Сөз мағынасының тарихының өзгеруі, яғни түркі лексикасының семантикалық деривациясы — тарихи семасиологияның негізгі нысаны, демек этимология сөз мағынасының өзгеруінің де тарихымен, төркінімен ажырағысыз байланыста.

Орыс лингвисті О.Н. Трубачев: «Этимологическое значение слова представляет не только исторический интерес, ... но и ключ к пониманию современной семантики слова» [11: 9], одан әрі «...Объяснит изменения значения равносильно установлению этимологии нового слова, которое формально идентично старому, т.е. мы должны восстановить весь процесс, в результате которого новое слово было первоначально создано» деген пікірі этимологиялық зерттеулерде семантикалық принципті қолданудың маңызын дәлелдесе, О.Н. Трубачевтің «Этимология, связанная с ней реконструкция древнего значения важно не только сама по себе и для себя, но и для полного адекватного анализа современного значения слова» [11: 11] деген пікірі сөз этимологиясын танудағы реконструкцияның маңызын белгілейді.

Мағыналық байланыстағы сөздердің тектестігі мен төркіндестігінің тарихын айқындау үшін, салыстырылатын сөздерді қазіргі тілдер мен туыс тілдердің түрлі тарихи кезеңдердегі мәліметтердің тектестігі мен төркіндестігінің ықтималдылығын анықтау үшін бастапқы мағына, оның қандай өзгерістерге ұшырағанын, қандай зат-құбылыстардың атауы болғандығын білу, болмаса болжай білу, анық аналогияларға сүйене отырып, ескерткіштердің мәліметтерін, оның фонетикалық заңдарын пайдаланып, көне түрін реконструкциялау қажет. Фонетикалық заңдар, біріншіден, сөздің көне тұлғасын қалпына келтірумен қатар оның мағыналық ассоциясын анықтаудың құралы, екіншіден мағыналарды бір-біріне кездейсоқ жақындастыруға, қисынсыз байланыстыруға жол бермейді. Поляк лингвисті Ф. Славский: «Огромную ценность для этимологических исследований представляет детальное знание и ареала распространения по возможности в наиболее отдаленное прошлое нередко позволяет произвести реконструкцию первичной морфологической или семантической мотивации» [8: 56] дейді.

Реконструкция мен этимология — бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Реконструкция этимология жасау үшін қажет, этимология реконструкция арқылы іске асады. Зерттеуші Б.И. Татаринцевтің пайымдауынша, сөз этимологиясын айқындау үшін: 1) лексикалық-семантикалық сипаты, 2) сөздің тіл ішіндегі, туыс тілдер аралығындағы мән-мағыналық байланыстары (ұқсастықтары мен ерекшеліктері), 3) семантикалық реконструкциясы жасалуы, 4) белгілі бір объектінің белгілі бір сөзбен таңбалануының диахрониялық тұрғыда негізгі немесе дәйектеуші екені (ономасиологиялық экскурс жасау) қатаң есепке алынуы керек [13: 35]. Семантикалық реконструкция дегеніміз — дәйектеуші семантикалық белгі. Семантикалық белгі сема деп те, мағына компоненті деп те, немесе мағына деп те аталуы мүмкін. Семантикалық реконструкцияны дәйектеуші семантикалық белгілер негізінде жүргізбегендіктен, этимологиялық талдаулар мен зерттеулерде орын алып жүрген 4 кемшілік бар. Бірінші кемшілік — семантикалық реконструкция жасау үшін дәйектеуші семантикалық белгілерді айқындамастан, яғни мазмұндық жағына көңіл аударылмастан, фонетикалық заңдылықтар негізінде ғана архетиптер, праформаларды анықтауды этимологиялау деп есептеу. Екінші кемшілік — бірнеше туыс және туыс емес тілдерден мысалдар келтіріп салыстырады, зерттеушілердің бұл сөздердің этимологиясы жөніндегі пікірлерін келтіріп, автордың өзі кейбір келіспейтін тұстарын баяндайды, яғни этимолог тағы да этимологиялық шешімге және дәйектеуші семантикалық белгіні реконструкциялауға жетпей «жығылады» деген сөз, үшінші, төртінші кемшіліктерге ортақ осалдық — дәйектеуші семантикалық белгілерді табуға талпыныс жасалып, оларды дұрыс таппау, этимологтың ойын тұйыққа тіреуі. Үшінші кемшілікті, нақтылай айтқанда, дәйектеуші семантикалық белгі ретінде жанама, көмекші немесе туынды белгілердің алынуы. Төртінші кемшілік — бірнеше дәйектеуші семантикалық белгі санамаланып, олардың қайсысының негізге алынатындығының айқындалмайтындығы.

Демек семантикалық деривация процесін реконструкциялау түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері және қазақ тіліне ортақ жалпы түркілік немесе түркі тілдері аралық лексиканың толық тізбесін, лексикографиялық түзілімін жасап, гомогенді, генетикалық тектес түбір, негіз морфемаларды семантикалық аспектіде салыстыру және тарихи-салыстыру жүргізіліп, этимологизациялануға тиіс сөздердің тарихы мен төркінін дәуірлік, ескерткіштік және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып табамыз.

Талқылаулар мен нәтижелер

Түркі тілдеріне ортақ сөздердің әр түрлі мағынада болуы әрбір ұлттың заттар мен құбылыстарды өзіндік ұлттық таным, көзқараспен тануымен байланысты. Қазіргі түркі тілдерінде бір сөздің әр түрлі құбылысты немесе керісінше бір құбылысты әр түрлі сөзбен атауының басты себебі халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, кәсіп-шаруашылық, табиғаттық-климаттық құбылыстар мен жағдайларға қатысы бар. Дегенмен сөз мағыналарында туыстық деңгейдің жүйесі бола ма деген болжамды эксперименттік деңгейде тексеру қажет. Белгілі бір объективті шындықты түркі халықтарының әр түрлі тануының басты себебі әрбір ұлттың, тіпті оның өкілдерінің дүниетанымдық ерекшеліктерімен байланысты, бір ұлт өкілдерінің дүниені тануы әр қалай. Дүниетаным адамның көзқарасын, психикасын, логикасын, талғамын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдерін және т.б. қамтиды. Сондықтан да әрбір ұлт, халық, адам бір формаға бірнеше мазмұн, бір мазмұнға бірнеше форма сыйғызуы мүмкін.

Заттар мен құбылыстар, сын-сипат, қимыл-қозғалыстар неғұрлым көп танылған сайын, күнделікті өмірде жиі қолданылған сайын көп мағыналы бола береді. Сөз семантикасының бір

халықта аз мағыналы, бір халықта көп мағыналы болуы әрбір халықтың белгілі бір сөз белгілейтін объектіні аз немесе көп тануымен, қолданылуымен байланысты. Мәселен, Сібір халықтарының мұздың 11 түсін, қазақ халқы малдың отыз шақты түсін айырады. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің мағыналары аз болған сайын қазіргі түркі тілдеріндегі мағыналары көп бола түседі, ал қазіргі түркі тілдеріндегі мағыналары аз болған сайын қазіргі қазақ тіліндегі мағыналары азая береді. Демек белгілі бір объектіні әрбір халықтың тануының өзінде сандық және сапалық өзгешелік болады.

Сөздегі көп мағыналықтың жалпы түркі тілдерінде 3 түрлі көрінісі бар. Олар: 1) бір тілде бірнеше затты бір сөзбен атау — бір тілдік немесе *тіл ішілік полисемия*, 2) бір сөзбен бірнеше тілде, бірнеше затты атау — бірнеше тілдік немесе *түркілік полисемия*, 3) бір затты бір тілде жергілікті ерекшеліктеріне қарай бірнеше сөзбен атау, немесе бір затты бірнеше тілдің диалектісінде бір сөзбен атау — *диалектілер аралық полисемия*.

Қазіргі түркі тілдері мен қазақ тіліне ортақ гомогенді омонимдер өзара полисемиялық тармақ, синонимдік қатар, антонимдік жұптарды жасайды.

Көп мағыналы *найзағай* сөзі хақас, телеуіт, қарайым, алтай, тува тілдерінде *жалын*, қойбағар тілінде *жел* мағыналарында; *кісен* сөзі татар тілінде *білезік*, тува тілінде *берік* мағыналарында; *асқазан* сөзі түркімен, әзірбайжан, қырым татарлары, қарағас, қарақалпақ, татар, якут, чуваш тілдерінде *жүрек* деген мағыналарда, *табан* сөзі түркімен тілінде *ая*, құмық, қарашай, балқар, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, гагауыз, ноғай, татар, хақас, якут тілдерінде *аяқ* деген мағыналарда; *үлес* сөзі түркімен, түрік, алтай, башқұрт, қарайым тілдерінде *тиесі*; түркімен, түрік, алтай, башқұрт тілдерінде *бөлік*; түрік, ноғай, қырғыз тілдерінде *сыбаға*; түрік тілінде *қайыр*, *садақа*, түрік диалектісінде *балаларға сыйлық*; түрік диалектісінде күйеу жігіттің той күні қалыңдықтың үйіне жіберетін сыйлығы, түркімен, алтай тілдерінде *бөлініс*; қарайым тілінде *сыйлық* деген мағыналарда; *үшкіру* сөзі ноғай, якут, қырғыз, алтай тілдерінде *ысқыру*; қарайым, алтай тілдерінде *ысылдау*; татар, башқұрт, хақас тілдерінде *дем салу*, *үшкіру*; қырғыз, алтай тілдерінде *ауыр демалу*; хақас тілінде *пысылдау*; қарайым тілінде *түшкіру* деген мағыналарда; *үсу* сөзі түркімен, татар, башқұрт, алтай, хақас, чуваш тілдерінде *тоңу*; қарайым тілінде *суықтан дірілдеу*; ноғай, қарақалпақ, хақас, тува, телеуіт, шор тілдерінде *үсу*; түркімен тілінде *суу*; тува, чуваш тілдерінде *мелишо*; түрік тілінде *салқындау* деген ауыспалы мағыналарда; қарайым, қарағас тілдерінде *суық тию*; чуваш тілінде *қорқыныштан үндемей қалу* деген мағыналарда қолданылады.


Кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде түрік тіліндегі *үсті* сөзі, қарақалпақ тіліндегі *арқа* сөзі, ұйғыр диалектісіндегі *жоғары* сөзі *солтүстік* деген синонимдік қатар, ал хақас тіліндегі *жоғары* сөзі, якут тіліндегі *арқа* сөзі *батыс* деген синонимдік қатарларды құрайды.

Түркі тілдеріне ортақ лексикаға тән тағы бір семантикалық құбылыс — ол олардың антонимдік жұпта болуы. Мәселен, *іні* деген сөздің көптеген түркі тілдерінде «жасы кіші туысқан ұл» деген мағынасымен қатар түрік диалектісінде «жасы кіші туысқан қыз» деген де мағынасы бар.


Ақа сөзі антонимдік мағынада әйел адамды (әпке — сұйғ.) және ер адамды (*әке* — түр., түрк., қырғ., ққал., өзб., яқ.; аға — түр., қарай., тат., өзб., ұйғ., лоб., алт., тув., түрк., яқ., қаз. Батыс Қазақстан диалектісі; ата — түр., қ.-б., яқ., шор) атайды. *Ұрық* сөзі қарағас, тува тілдерінде *ұл* деген, тува тілінде *қыз* деген мағыналарда; *ес* сөзі түрік, гагауыз тілдерінде *күйеуі* деген, түрік, гагауыз, алтай тілдерінде *әйелі* деген мағыналарда; *үсті* сөзі түрік тілінде *солтүстік*, якут тілінде *оңтүстік* деген мағыналарда, якут тілінде *шың* және *шыңырау* деген қарама-қарсы мәнде қолданылады. *Ерте* сөзі қазақ тілінде *бұрын*, гагауыз, түркімен, өзбек, қарағас, ұйғыр, түрік, лобнор тілдерінде *ертең* мағыналарында; *жұпар* сөзі түрік, қырғыз, қарақалпақ тілдерінде *хош иіс*; якут тілінде *сасық иіс* деген мағыналарда; *ие* сөзі якут тілінде *сақтаушы*, *кие*; чуваш тілінде *зұлым рух* деген мағыналарда; *жоғары* деген сөз хақас тілінде *батыс*; түркімен тілінде *шығыс*; якут тілінде, түркімен, ұйғыр диалектісінде *солтүстік* деген мағыналарда қолданылады. Түркімендердің шығыс пен оңтүстікті, ұйғырлардың оңтүстік пен солтүстікті, якуттардың оңтүстікті *жоғары* деп атауының себебі ол халықтардың жер бедерінің сол аталған бағытқа қарай жоғары, өр, биік болуымен байланысты.

Ұғым — жалпы және жеке заттар мен құбылыстардың ұқсас және ерекше белгілерін айқындайтын, ойлаудың басты элементі. Ұғым жалпы ұғым, жалқы ұғым болып жіктеледі. Осыған байланысты тілдегі сөз мағыналары да жалпы мағына, жалқы, жеке мағынаға бөлінеді. Мәселен, «*апа*» десек, жалпы жасы үлкен әйел адам, «*аға*» — «жалпы жасы үлкен ер адам», «*іні*» — «жалпы жасы кіші ұл бала», «*қайын жұрт*» деген жалпы мағынаның қайын ата, қайын ене, қайын апа, қайын аға, қайын іні, қайын сіңілі, балдыз деген жеке, нақты мағыналары бар. Мысалы, *іңір* сөзінің жалпы ұғымы қаракөлеңке. Осы қаракөлеңкелік ұғымды әрбір түркі тілі өздерінше саралап әкетеді:

Ымырт (түрк., қарай., қырғ., ққал., тат., башқ., сұйғ., қарағ., тув., чув., қ.-б.); кешкі кез (түр., қарай., қ.-б., қырғ., ққал., тат., сұйғ., алт.); түн (қарағ.); таңсәрі (түр., қарағ.); сағым (шор.) (1-сурет).




а) Ымырт




ә) Кешкі кез



б) Түн



в) Таңсәрі



г) Сағым


1-сурет. «Іңір» сөзінің жалпы ұғымы

Немесе, *жаға* сөзінің жалпы ұғымы — бедерлі қырат. Осы жалпы түркілік ұғымды түркі тілдері жеке түркі тілдік мағыналарға жіктейді: жиек (түрк., түр., карағ., құм., ққал., тат., өзб., ұйғ., лоб., алт., хақ., як., қырғ.); шекара (як., алт., шор., қойб., қырғ.); жақ (түрк., түр., құм., тат., алт.); кемер (түрк., түр., құм., балк., қырғ., ққал., өзб., ұйғ., лоб., алт., тув.); киім жағасы (түрк., қарай., тат., өзб., ұйғ., лоб., алт., түр., гаг., карағ., эз., сал., құм., ноғ., башқ., қырғ., балк., тел., тув., хақ., шор., қойб., тоф., як., чув.); таулы, шоқылы жер (түр., қырғ.); көйлек тігісі (лоб., башқ., чув., алт.); шалбардың белі (хақ.).


«Аң аулау» мағынасындағы *аб* сөзі көне, ескі және орта ғасырлардағы барлық ескерткіштерде кездеседі. Ал «андарды қоршау» мағынасында Количор ескерткішінде *аб абла* тіркесінде қолданылады. Қазақ тілінде *ау* сөзі «балық ұстайтын құрал», *аула* сөзі «құс, балық, аң ұстау әрекеті» мағыналарын беретіні мәлім. Қазіргі түркі тілдерінде *ау* (*аб*) сөзі 12 мағынада қолданылады. 6 мағынасы қимыл атауы немесе етістік (*аулау* — эз., тат., өзб.; *қаумалау, қоршау* — тат., ққал.; *андарды тормен аулау* — тел.; *құстарды тормен аулау* — қырғ.; *балық аулау* — өзб.; *қуу* — түр.), 6 мағынасы зат-құрал атауы немесе зат есім (*жабайы құс* — ұйғ.; *аң аулау құралы* — өзб.; *олжа* — түрк., эз., тат., құм., қ.-б., ұйғ.; *ауланған, ұсталған балық* — өзб., қуу — ұйғ.; *спорт* — ұйғ.). Демек тілдің алғашқы қалыптасу кезеңінде заттың аты мен оның қимылының аты бір сөзбен берілді деген болжам дәлденген түседі. 12 мағынаның ешқайсысы да қазақ тіліндегі «балық ұстау құралы» ретіндегі мағынасында қолданылмайды. Бұл 12 мағынаның барлық түркі тілдеріне ортақ, жалпы мазмұны – ол ұстау әрекеті және ұсталған зат. Аңды, құсты, балықты ұстау әрекетінің құралдары тор, қармақ, садақ, тұзақ секілді әр түрлі болуы мүмкін, ал ұсталған заттар да әр түрлі бола беруі

мүмкін. Түркі тілдеріне ортақ *аб* (ау), *абла* (аула) константының негізгі мазмұны: ұстайтын құрал, ұсталған зат, ұстау әрекеті – *ұстау*. Количордан сақталып келе жатқан «андарды қоршау» деген мағынадағы *авла* сөзі осы мағынада орыс тіліне дендеп еніп, өз сөзіндей сіңісіп кетті. Мәселен, *овлава* сөзінің: 1. (при охоте) қаумалау, қоршау; 2. перен. (с целью поимки). Айнала қоршау, қамап алу. *Аб* сөзінен -ла жұрнағы арқылы етістік жасалғандағы мағыналары «аула», «ұстау», «балық ұстау», яғни етістік тудыратын -ла жұрнағы етістік қызметіндегі *ау* сөзінің семантикалық өрісін нақтылайды, оған дәлел б мағынадағы *ау* етістігінің мазмұны аулау, ұстау, балық ұстау деген неғұрлым жалпы мағынадағы сөздермен беріліп тұр.


Жалпы ұғым, тілге қатысты алғанда жалпы мағына, кейде константтар деп те аталады. Константтар дегеніміз — тілдің немесе тілдердің, дамуының барлық кезеңдерінде, яғни синхрониясында да, диахрониясында да өзгеріссіз қалатын элементтер. Ал семантикалық константтар дегеніміз — тілдің даму тарихында тұрақтылығын сақтайтын семемалар. Белгілі бір сөздерді белгілі бір тіл немесе тілдер ішінде жалпы мағынасы мен мазмұнын тектес етіп байланыстырып тұратын семемалар — сөздердің лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтары өзгеріске түссе де айнығысыз қалатын бірліктер. Оған төмендегі бірнеше мысалдар арқылы көз жеткізуге болады. Жалпы түркі тілі кезеңінде, яғни түркі ескерткіштері ортақ, қазіргі түркі тілдері тұтас тіл болғанда, сөздер заттарды бөліктерге, қимыл-қозғалыстарды бағыттарға, сын-сипатты рендерге бөлшектемей атаған. Мәселен, *балтыр* деп түркімен, түрік, әзірбайжан, гагауыз, қырым татарлары, қарайым, құмық, қарашай, балқар, тува, өзбек, якут, қырғыз, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарағас, алтай, телеуіт және қазақ тілдерінде «адам жіліншігіндегі бұлшық етті» атаса, әзірбайжан, түркімен, қырым татарлары, қарайым, құмық, татар, өзбек, тофалар тілінде «сирақ, жіліншік», түрік, гагауыз, қарайым тілдерінде «аяқ», якут тілінде «малдың алдыңғы аяғы», қарайым тілінде «сан», түркімен тілінде «өсімдік сабағы», якут тілінде «қол», қарайым тілінде «буын» аталады. «Манихей мәтіндері» ескерткішінде алғашқы мағынада қолданылады (2-сурет).




а) аяқ



ә) ағаш



б) ат




в) қол

2-сурет. «Балтыр» сөзінің ұғымы

Барым [та] сөзі Енисей ескерткішінде «мал», Орхон ескерткіштерінде «мүлік»; *жарлы* сөзі құмық, башқұрт тілдерінде «кедей, тапшы», татар, қарайым, құмық тілдерінде «сорлы», қарайым тілінде «аянышты»; *жүген* сөзі қарағас, әзірбайжан, құмық тілдерінде «ауыздық», түрік тілінде «жүген ноктасы», қарашай, құмық тілдерінде «ат әбзелдері» деген заттарды таңбалайды.


Түркі тілдеріндегі көп мағыналы *білек* сөзі адамның дене мүшесі қолының тырнақ ұшынан денеге ұштасу аралығына дейінгі 6 бөлігін атайды. «*Білек*» деп қарағас, алтай тілдерінде бұлшық етті;

карағас, кыргыз, ұйғыр, алтай, хақас, тофа, лобнорлар *шынтақ пен білезікке* дейінгі аралықты; құмықтар мен ұйғырлар *қолды*; алтай, тува, тофалар *шынтақты*; балқар, қарашай, татар, башқұрттар *ыықтан білезікке* дейінгі аралықты, түркімен, қарайым, құмық, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, ұйғыр, түрік *ыықты* атайды (3-сурет). Бұл — жалпы түркілік «қол» атауының жеке түркілік ұғым, мазмұн, мағына беру арқылы заттың, зат бөліктерінің саралануының дәлелі. Жеке этникалық топтың, яғни ру, тайпа, халық өкілдерінің тіліндегі жеке сананың қоғамдық санаға айналуы адамдардың қоғамдық қатынаста түсінуінің алғы шарты болды.



3-сурет. Қолдың бөліктері

«Ел» сөзінің ТЖЕ-інде 1) қол (МҚ, ЖБ, АИ); 2) қол білезігі (МҚ, ЖБ, АИ); ҚТТ-інде: 1) қол (түрк., түр., эз., өзб., ұйғ., гаг., чув., лоб., сүйғ., як.); 2) қол білезігі (түрк., түр., эз., як.); 3) саусақ (ұйғ., лоб.); 4) өлшем бірлік (қаз., ұйғ. диал.); 5) басшылық, өкімет (эз.); 6) билік (эз.); 7) А. Себеп (түр.); 8) А. Қатысу, қатыстылық (эз.); 9) А. Қызығушылық (түр.); 10) карта ойынының жүрісі, кезек (эз.); 11) рет (эз.); 12) шалғымен бір орылып өткен жер бөлігі (түр.); 13) күш өлшейтін темір зат (түр. диал.) деген мағыналары бар. Ал қол бөлшектерінің түрлі түркі тілдерінде атауы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Қол

Қорытындылар мен тұжырымдар

Бұдан: 1) түркі ру-тайпалары бірге болған кезде танылған зат-құбылыстар, оларға таңылған атаулар мен олардың мағыналары сол күйінде қалған, немесе алшақтай қоймаған;

2) сөздің мағынасының бірдей, немесе жуық болуы олардың уақыт, мерзім жағынан көнелігін білдіреді. Мағына алшақтығының ұлғаюы — жеке халық, дербес ұлт болып бөлінуінің нәтижесі;

3) түркі тілдерінің туыстығының басты семантикалық белгісі — жалпы ұғым, жалпы мазмұнының ортақтығы, ал олардың жеке тілдік басты семантикалық белгісі — жеке ұғым, жеке мағыналарының өзгешелігі бар деген түйіндер жасауға болады.

Зат атауының, сөз мағынасының өзгеруінің жалпыдан жалқыға, деректіден дерексізге немесе керісінше болуы өзгеріс процесінің логикалық типтері. Адамның абстрактылы ойлауының дамуында белгілі бір белгілер негізінде абстракциялану арқылы танылушы зат танылған құбылыстың, немесе абстракциялаушы заттың атымен аталуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К.Аханов. — Алматы: Мектеп, 1973. — 623 б.
- 2 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / Э.В. Севортян. — М.: Наука, 1978. — 349 с.
- 3 Филин Ф.П. О лексике древнерусского языка / Ф.П. Филин // Вопросы языкознания. — 1982. — № 2. — С. 3–17.
- 4 Щербак А.М. Состояние работы и задачи составления этимологических словарей тюркских языков / А.М. Щербак // Советская тюркология. — 1975. — № 4. — С. 3–10.
- 5 Вейнрейх У. Опыт семантической теории / У. Вейнрейх // Новое в зарубежной лингвистике. — Вып. X. — 1981. — С. 50–177.
- 6 Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики / Д.Н.Шмелев. — М.: Высш. шк., 1973. — 232 с.
- 7 Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII–XI вв. / В.Г. Кондратьев. — Л.: Ленинград. ун-т, 1981. — 191 с.
- 8 Славский Ф. Из опыта работы над этимологическим словарем польского языка / Ф. Славский // Вопросы языкознания. — 1976. — № 4. — С. 55–59.
- 9 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А.Т. Кайдаров. — Алматы: Ғылым, 1986. — 323 с.
- 10 Кайдаров А.Т. Тюркская этимология: проблемы и задачи / А.Т. Кайдаров // Проблемы этимологии тюркских языков. — Алматы: Ғылым, 1990. — С. 5–25.
- 11 Трубачев О.Н. Реконструкция слов и их значений / О.Н. Трубачев // Вопросы языкознания. — 1980. — № 3. — С. 3–14.
- 12 Сулейменов О. Тюрки в доистории / О.Сулейменов. — Алматы: Атамұра, 2002. — 320 с.
- 13 Татаринцев Б.И. О реконструкции мотивирующего семантического признака в процессе этимологизации (на материале тюркских языков) / Б.И. Татаринцев // Теория и практика этимологических исследований. — М.: Наука, 1985. — С. 35–42.

Ш.Ш. Жалмаханов, С.А. Рахымберлина, С.С. Түркенова

Полисемантность общей лексики тюркских письменных памятников и языков

В статье проанализирована полисемантная общая лексика тюркских письменных памятников и тюркских языков, которые относятся к разным лексико-семантическим, лексико-грамматическим и лексико-тематическим группам лексической системы. Совокупность истории исследования, методов и способов называется семантической деривацией, так как полисемантность лексики принадлежит к семантическим категориям. Авторы приходят к выводу, что полисемантность лексики присуща всем тюркским памятникам и языкам, нескольким памятникам и языкам и одному памятнику и языку. При этом главной причиной явления полисемантности выступает обозначение одним звуковым комплексом нескольких предметов.

Ключевые слова: полисемантность в тюркских языках, лексико-семантическая система, семантическая деривация, своеобразное познание мира.

Sh.Sh. Zhalmakhanov, S.A. Rachymbberlina, S.S. Turkenova

Polysemantic phenomenon of the general lexicon of Turkic written monuments and languages

The article analyzes the polysemantic general vocabulary of the Turkic written monuments and Turkic languages, which belong to different lexical-semantic, lexical-grammatical and lexical-thematic groups of the lexical system. The totality of the research history and methods is called semantic derivation, since the polysemanticity of the vocabulary belongs to semantic categories. Overall, the polysemantic vocabulary has such types as: 1) all Turkic monuments and languages; 2) several monuments and languages; 3) one monument and language. The most important reason for the phenomenon of polysemanticism is the designation of several objects by one sound complex.

Keywords: polysemanticity in the Turkic languages, lexico-semantic system, semantic derivation, peculiar cognition of the world.

References

- 1 Akhanov, K. (1973). Til biliminin negizderi [Introduction to linguistics]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 2 Sevortian, E.V. (1978). Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov: Obshchetiurkskie i mezhtiurkskie osnovy na bukvu «B» [Etymological dictionary of Turkic languages. Nuclei and interturk foundations for the letter "B"]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 Filin, F.P. (1982). O leksike drevnerusskogo yazyka [About the vocabulary of the ancient Russian language]. *Voprosy yazykoznaniiia — Questions of linguistics*, 2, 3–17 [in Russian].
- 4 Shcherbak, A.M. (1975). Sostoianie raboty i zadachi sostavleniia etimologicheskikh slovarei tiurkskikh yazykov [The state of work and the task of compiling etymological dictionaries of Turkic languages]. *Sovetskaiia tiurkologiia — Soviet Turkology*, 4, 3–10 [in Russian].
- 5 Weinreich, U. (1981). Opyt semanticheskoi teorii [The experience of semantic theory]. *Novoe v zarubezhnoi lingvistike — New in overseas linguistics*, X, 50–177 [in Russian].
- 6 Shmelev, D.N. (1973). Problemy semanticheskogo analiza leksiki [Problems of semantic analysis of vocabulary]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 7 Kondratev, V.G. (1981). Grammaticheskii stroi yazyka pamiatnikov drevnetiurkskoi pismennosti VIII–XI vv. [Grammatical system of the language of monuments of the ancient Turkic writing of the VIII–XI centuries]. Leningrad: Leningradskii universitet [in Russian].
- 8 Slavskii, F. (1976). Iz opyta raboty nad etimologicheskim slovarom polskogo yazyka [From the experience of working on the etymological dictionary of the Polish language]. *Voprosy yazykoznaniiia — Questions of linguistics*, 4, 55–59 [in Russian].
- 9 Kaidarov, A.T. (1986). Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazyke [Structure of single roots and bases in the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 10 Kaidarov, A.T. (1990). Tiurkskaia etimologiia: problemy i zadachi [Turkic etymology: problems and tasks]. *Problemy etimologii tiurkskikh yazykov — Problems of Etymology of Turkic language*. Almaty: Gylym [in Russian].
- 11 Trubathev, O.N. (1980). Rekonstruktsiia slov i ikh znachenii [Reconstruction of words and their values]. *Voprosy yazykoznaniiia — Questions of linguistics*. 3, 3–14 [in Russian].
- 12 Suleimenov, O. (2002). *Tiurki v doistorii* [Turks in prehistory]. Almaty: Atamura [in Russian].
- 13 Tatarintsev, B.I. (1985). O rekonstruktsii motiviruiushchego semanticheskogo priznaka v protsesse etimologizatsii (na materiale tiurkskikh yazykov) [On the reconstruction of a motivating semantic sign in the process of etymology (on the material of the Turkic languages)]. *Teoriia i praktika yetimologicheskikh issledovaniia — Theory and practice of etymological research*. Moscow: Nauka [in Russian].